



№30 (9917)

15 сәуір

сенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – 125 ЖЫЛ

ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ СЫР Өңіріне жұмыс сапарымен келген Халықаралық «Түрксой» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевпен кездесті. Аймақ басшысы Түркі халықтарының мәдениетін дамытуда «Түрксой» халықаралық ұйымының рөлі ерекше екенін атап өтті.

– «Түрксой» ұйымының бастамасымен түркі әлемінде биылғы 2023 жыл ұлт мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілі, жерлесіміз Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Темірбек Жүргенов жылы» болып жарияланды. Аймақ жұртшылығы, өз атынан сіз басқаратын ұйым ұжымына шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Бұл тарихи маңызды шешім түркітілдес елдердің өзара достығы мен ынтымағын, мәдени шығармашылық байланысын арттыра түсетіні сөзсіз. Темірбек Жүргенов – Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі оқу-ағарту, мәдениет пен әдебиет саласының еркендеуіне зор үлес қосқан қайраткер тұлға. Ол қазақ өнерінің дамуына өлшеусіз еңбек сіңіріп, Абай атындағы ұлттық опера және балет театрын құрғанын, Мәскеуде тұңғыш рет қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігінің өтуіне атсалысқанын баршамыз білеміз. Қайраткердің есімін ұлықтау, оны еске алу ұрпаққа насихаттау мақсатында мерейтой аясында Қызылорда облысында да бірқатар маңызды шаралар атқарылуда. Осындай айтулы шараларға қатысуға арнайы уақыт бөліп, қайраткердің туған жері Сыр өңіріне келгеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Өз кезегінде «Түрксой» ұйымының Бас хатшысы облыс әкіміне ризашылығын жеткізіп, өзара рухани және мәдени ынтымақтастықтың жалғаса беретініне сенім білдірді.

Айта кетейік, Сұлтан Раев Қызылорда облысына сапары барысында Темірбек Жүргеновтің жары, Қазақ КСР еңбек сіңірген дәрігері Дәмеш Жүргенова атындағы көшенің ашылуына, «Ұлт руханияты және Темірбек Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттеу көністігі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, «Нарком Жүргенов» спектаклін тамашалады. Мұнан бөлек Қызылорда қаласында өткен «Жыр арқауы –



Т.Жүргенов мұрасы дәріптелді

Жүргенов» атты республикалық жазба ақындар мүшәйрасына қатысты.

Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу көністігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға отандық және шетелдік ғалымдар, ҚР ҰҒА академикалары, зиялы қауым өкілдері, мемлекет қайраткерлері, сонымен бірге Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов та қатысты.

Жиында ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің тартысқа толы тағдыры, қазақ халқы үшін атқарған еңбегі туралы тың зерттеулер айтылды.

– Халықаралық «TURKSOY» ұйымы 2023 жылды түркі әлеміндегі Темірбек Жүргенов

жылы деп жариялады. Мерейтой жылы ауқымды шаралар ұйымдастырылып, Анкарада, Астанада Темірбек Жүргенов туралы кітаптардың таныстырылымы өтті. Алдағы уақытта Өзбекстан мен Қырғызстанда ұлт қайраткері туралы іс-шаралар өткізілмек. Биыл Түркияда қазан айында «Нарком Жүргенов» қойлымының премьерасы болады, – деді «TURKSOY» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев.

Конференция барысында Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» кітабының тұсаукесері өтті. Романда Темірбек Жүргеновтің өмір жолы, ескен ортасы, ел игілігін көздеген жанқиярлық еңбегі, қуғын-сүргінге түскен отбасының аухалы суреттелген.

Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми кітапханасында «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында

арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Айта кету керек, жиында ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев, «Арыс» қорының президенті, «Арыс» баспасының директоры, филология ғылымдарының докторы Әнес Фарифолла, Мемлекет тарихы институты директорының міндетін атқарушы, ҚР Ұлттық кеңесінің мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Буркитбай Аяған, «Комиссар Жүргенов» кітабының авторы, жазушы, публицист, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, алаштанушы Тұрсын Хазіретәлі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Бауыржан Иманғалиев, Түркия Республикасы Мугла Сыйтық Кочман университетінің профессоры Кенан Коч, «Темірбек Жүргенов» қоғамдық қорының төрағасы Сәби Аңсапов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Ұлжан Жанбердиева, «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева ғалымдары баяндама жасады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Аңдатпа

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде жинтүршігерлік бейнежазбалар көбейіп кетті. Әсіресе соның ішінде жасөспірімдердің топтық төбелесі. Топтық төбелес деуге де келмейді, бір балаға топ бала жабылып, аса қатыгездікпен тепкілейді. Кәнігі баскесерлер емес, мектеп жасындағы оқушылардың айуандық әрекеттерін соңғына дейін қарау мүмкін емес, жүрекке салмақ түседі.

Қуат АХЕТОВ

Бала тәрбиесіне бәріміз жауаптымыз

4 →



Бәрекеді!

Жол құрылысы қарқын алды

КҮН РАЙЫНЫҢ ЖЫЛЫНУЫМЕН ҚАТАР ЖАЛАҒАШТА ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ. БҮГІНДЕ МЕРДІГЕР «ҚЫЗЫЛОРДА ЖОЛДАРЫ» ЖШС МЕКЕМЕСІНІҢ МАМАНДАРЫ КЕНТТЕГІ М.ШӘМЕНОВ КӨШЕСІНІҢ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚОЛҒА АЛЫП, ҚЫЗУ ЖҰМЫСҚА КІРІСКЕН. БІЗДЕ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЕСТІП, АТАЛҒАН КӨШЕГЕ АТБАСЫН БҰРЫП, ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

Ауа райы желдетіп, қолайсыз күй танытса да, көшедегі жұмыстың қарқыны жоғары. Шыны керек, қарқын алған құрылысқа қарасаныз, көз тойып, көңіл марқаяды. Жол, жиектеріне ескертпе белгілері қойылып, ескі асфальтты сүру және жолды тегістеу жұмыстары жүріп жатыр. Сүріліп алынған ескі асфальттың ұнтағы да пайдаға асырылып, жолдың екі жағына төселуде. Сонымен қатар жолдың қарсы бағытына жаяу жүргіншілерге арналған жол жиектемесі жасалып, тас кеспекше орналастырылады. Бригадирдің айтуынша, жол жиектемесінің ені 1,5 м, ал ұзындығы 2,6 шақырым екен.

– Бүгінде арықтардың жан-жағы тегістеліп, көлік жолы кеңейтіліп жатыр. Көріп тұрғаныңыздай, ескі асфальтты толықтай қырып болған соң, жолдың бетіне бірінші топырақ жамамыз. Топырақ топырақпен тегістеліп, бетіне қиыршық тас төселеді. Содан кейін асфальт төсеу жұмыстары жүреді. Жалпы, асфальттың қалыңдығы төселген құм-тасымен есептегенде 15 см, ал асфальттың өзі 7-8 см қалыңдықта болады. Қазір құм төсеу жұмысына дайындалып жатырмыз, құмды осы жергілікті жерден тасыймыз. Ал асфальт өзіміздің зауыттан, тасты Шиедден алдырамыз. Жұмыс барысы шүкір, қарқынды. Ешқандай қиындық туғызатындай мәселе жоқ. Сондай-ақ көшенің ортасынан өтіп жатқан



арыққа темірден 28 көпір орнатамыз, яғни жаяу жүргіншілердің жүріп тұруы да жеңілдейтін болады. Асфальттау жұмыстары аяқталған соң жол белгілері, жаяу жүргіншілер жолағы міндетті түрде орнатылады. Көше аудан басшылығы да келіп, жұмыс барысын қадағалап кетті, – дейді бригадир Болат Әліпбаев.

М.Шәменов көшесіндегі жұмысшылардың белсенділігі өте жоғары. Мердігер мекеме де ауа райы қолайлы болып, ешқандай қиындықтар туындамаса, құрылыс жұмыстарын аяқтап, жаңа жолды тезірек тұрғындардың игілігіне табыстауға ниетті. Көше құрылысына 50 шақты жұмысшы тартылған. «Мені мен техникадан басқасының бәрі Жалағаштан» деп әзілдеген бригадирдің сөзінен жұмысшылар да өзіміздің ауданның азаматтары екенін байқадық. Әуел бастан жобаны бекітерде жұмысшылар ауданның жұмыссыз тұрғындарынан таратылатын болып келісілген екен.

Көше тұрғындары да жол құрылысының ерте басталып кеткеніне таң қалып, қуанышын жасырмады.

– Жасыратыны жоқ, кент орталығында тұрсақ та, соңғы жылдары көшеміздің сапасы төмендеп кеткен еді. Енді міне, көшемізге жаңа асфальт жабындысы төсепйін деп жатыр. Көшеміздің ажары кіретін болды. Қуанышымызда шек жоқ. Көше тұрғындары атынан алғысымыз шексіз, – дейді кент тұрғыны Әйгерім Рзағали.

Иә, өңірімізде кейінгі жылдары жол құрылысы қарқын алғанын жалағаштықтар жақсы біледі. Былтыр да бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып, 9 жоба жүзеге асқан болатын. Сондай-ақ кенттегі 2 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Быыл да ауданда жол құрылысы бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. Соның ішінде жалпы құны 643,6 млн теңгеге аудан орталығындағы М.Шәменов көшесінен бөлек І.Нұрқенов, И.Панфилов, Мысық би, А.Бектібаев көшелеріне күрделі

жөндеу жұмыстары өткізілмек, ал ПМК-09 көшесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалады.

Біраз уақыттан бері Дәуімбай елді мекені тұрғындарының көтеріп жүрген теміржол арқылы жаяу жүргіншілер өтуге арналған аспалы көпірдің қажеттілігі де оң шешімін тауыпты. Бұл жоба биыл облыстық бюджет есебінен 184,8 млн теңгеге қаржыландырылатын болды. Бүгінде мемлекеттік сатып алу жұмыстарының қорытындысымен мердігер мекеме де анықталған. Осылайша арғы беттегі ағайынның да талап-тілегі ескеріліп жатыр.

Тұрғындар тарапынан көтерілген ешқандай мәселе ескерусіз қалып жатқан жоқ. Соның бірі кенттегі аяқ су мәселесі де оң шешімін тауып, қазіргі таңда аяқ су жеткіліксіз көшелерге 6 су насосы орнатылуда. Жалпы, ауданда ел игілігі үшін жасалып жатқан жұмыс көп, ең бастысы, сол жобалар сөз күйінде қалмай, іс жүзінде орындалып жатыр.

Жандос ЖАЗКЕН



Құрмет



Қызылордада енді Ермекова көшесі бар

Ұлт қайраткерлерін еске алғанда Темірбек Жүргеновтың есімі де, ұлты үшін өткен еңбегі де ерекше аталады. Жалағаш топырағынан шығып, Орта Азияға танылған Темірбек Қараұлының арпалыспен өткен өмір жолы мен сан соқпақты тағдыры осы уақытқа дейін зерттеліп, зерделенді. Ғалымдар қаншама еңбектер жазып, тау тұлғаны сан қырынан ашып көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, Темірбек Жүргенов кеше мен бүгіннің арасын жалғап, ұрпақ сабақтастығына арқау болған алтын көпірге айналды.

Осындай тау тұлғаның зайыбы Дәмеш Ермекованың да есімін бүгінде біз мақтанышпен атаймыз. Дәмеш Ермекова не көрсе де Темірбекпен бірге көрді. Қызықшылығы да, қиыншылығы да жұбайының қасында өтті. Темірбек Қараұлы қазақтың қамын жеп «халық жауы» атанғанда оның басына түскен ауыртпалықтың жартысын бөлісіп, қайғының кара бұлтын сөргіпді. Бүгінде Дәмеш Ермекованың бейнесі ашылып, биіктей түсті.

Апта ортасында Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген дәрігері Дәмеш Ермекованың есімін ұрпақ жадында мәңгілік қалдыру мақсатында Қызылорда қаласының орталығына көше атауы беріліп, ескерткіш тақта ашылды.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, «Темірбек Жүргенов» қоғамдық қорының төрағасы Сәби Аңсат, Халықаралық «Turksoy» ұйымының бас хатшысы С.Раев, Қарағанды облысы, Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы Р.Әбеуов және зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Рухани мәні зор шараның ашылуында құттықтау сөз сөйлеген Нұрымбет Аманұлы жиналғандарға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың жылы лебізін жеткізді.

«Қазақтың жақсы мен жайсаңдарының басына бұлт үйірген 1937 жылғы қуғын-сүргін кезеңінде тек зиялы азаматтар ғана емес, сонымен бірге олардың отбасы да қуғындалып, зобалаңға ұшырады. Міне, сондай жаңдардың бірі Қазақстан халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтың зайыбы, білімді қазақ қыздарының алғашқы қарлығаштарының бірі, Қазақ КСР-на еңбек сіңірген дәрігер Дәмеш Әмірханқызы Ермекова еді. Оның еңбегі мен өмір жолы – бүгінгі ескелең ұрпаққа өнеге, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Одан соң қайраткер аның аяуы да азартты, тағымалы да енегелі өмір жолын Сәби Аңсатов және Р.Әбеуовтер үлкен тебіреніспен жеткізді.

Дәмеш Ермекова 1905 жылы Қарағанды облысы Қазақ ауылында дүниеге келген. Мектептен орта білім алғаннан соң Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқу түсіп, 1929 жылы бітіріп шығады. 1933 жылға дейін Ташкент медициналық институтында оқытушы болады. Сол қалада нарком Темірбек Жүргеновпен танысып, отау құрады.

Ұлтына адал қызмет еткен Темірбек Жүргенов жалған жаламен ұсталып кеткенде Дәмеш Ермекова «халық жауының» әйелі ретінде 1938 жылдан 1946 жылға дейін АЛЖИР түрмесінде отырады. Сегіз жыл мерзімін өтеп шыққан соң, 1956-1973 жылдары аралығында Алматы медицина институтында оқытушы болады. Қазақ медицина саласының дамуына зор еңбек сіңірген Дәмеш Ермековаға мемлекет тарапынан құрмет көрсетіліп, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген дәрігері және Алматы қаласының «Құрметті азаматы» деген атақ берілді. Дәмеш Ермекова қоғамдағы саяси көзқарас өзгеріп, жылжымалы орнаған жылдары зобалаң заманның ақтаңдақтарын ашып, жұбайы Темірбек Жүргеновты ақтап алуға көп еңбек сіңірді.

Еске сала кетейік, бұл күні Орта Азияға ортақ тұлғаға айналған Темірбек Жүргенов Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылында дүниеге келген. Қазірде қайраткердің кіндік қаны тамған ауылы өз атымен аталады. Ал Дәмеш Ермекова – мемлекет және қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, математикадан тұңғыш қазақ профессоры, ғалым Әлімхан Ермековтың туған қарындасы.

Темірбек Жүргеновтың туысқандары мен ұрпақтары бүгінде Т.Жүргенов, Жаңаталап, Аққыр ауылдарында, Қызылорда қаласында және еліміздің ер өңірінде тұрады. Солардың бірі кесіпкер Әуезхан Есбергенов:

«Мен Темірбек Жүргеновтың жұрағаты екенімді мақтан тұтамын. Тіпті сонау жетпісінші жылдардың өзінде «халық жауларының» ұрпақтары, әсіресе саяси қызмет атқаратын туған туыстары аталары туралы айтылған еңгімелерден қашып жүретін еді. Мен сол жетпісінші жылдары Алматыда оқыдым. Ештеңе ойлапайтын жастық жалын шығар, студент болсам да айналама Жүргеновтың жақыны екенімді білдіріп жүретінмін. Оның үстіне демалыс күндері Дәмеш әжемнің үйіне барып тұрамын. Ол кісі жалғыз тұрады. Біз күндіз сол үйде болып, түнде жатақханаға қайтамыз. Өйткені Дәмеш әжем үйіне қонбайды, мен сені жалғыз күтпеймін деп уәде бергенмін» дейтін. Сондықтан біз азада ерте барып, кешке дейін Арқадан келген жылқының дәмді етінен жасалған тағамдармен қарын тойдырып, кешке жатақханаға ораламыз. Әжем қолымызды бос жібермейді. «Сабақтаң, тамақтаң қиналсаңдар, айтындар, көмектесемін» дейтін.

1978 жылы Темірбек атамның сексен жылдығына орай жиын өтетін болды. Дәмеш әжем үлкен шараға күні бұрын дайындалды. Мені ертіп алып, телерадио орталығына барды. Басшының алдындағы хатшы қыз қырық сылтау айтып, кіргізбеудің амалын жасап бақты. Бір кезде Дәмеш әжем шарт сынып «Әй, қалқам, көп өңгімені қой! Жүргеновтың әйелі келіп тұр деп айт бастығына» деді. Хатшы қыз кіріп, рұқсатын алып шықты. Мен еріп кірдім. Дәмеш әжем мен-жайды түсіндірді. Ана кісі орындығынан қозғалмап отырып бір сылтау өтті. Әжем оның жалтақтығын жақтырмай «Сонымен жібересің бе?» деп қысқа қайырды. Анау сөзін күлбілтеліп нақты айтпады. Шығып кеттік. Баспалдақпен төменгі қабатына түсіп келе жатып «Өңшен су жүрек! Бұлар өлі де Темірбектің көлеңкесінен қорқып жүр ғой» деді ызалы дауыспен.

Дәмеш әжемнің өте батыл өтірік кісі еді. Біз қартаң тартқан кезінде көрдік. Сегіз жыл түрмеде отырып, сантүрлі қиындықты басынан өткергенін шет жағалатып білеміз. Шыққан соң да Темірбек атамның ақтаймын деп отқа да, суға да түскен. Бірақ соның өзінде әжемнің жүзі де, рухы да сынбай сақталған еді. Мүмкін, ол кісі Темірбектей тұлғаның ұлты үшін жасай алмай кеткен ұлы істерін аманаттап алып қалып, соны жалғастыру үшін тағдырымен қасқая күрескен шығар» дейді.

Міне, осындай қайраткер анаға деген құрмет кеше Қызылорда қаласында көрініс тапты және ұлт мүддесі үшін еңбек етіп, сол жолда күресе білген қайраткерге қандай құрмет көрсетсек те жарасады, олардың тұлғасына өбден лайық.

Қуат АХЕТОВ

Темірбек Жүргенов – 125 жыл

Нарком Т.Жүргенов қалай тұтқындалды?

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз зор үлес қосқан Жалағаш өңірінен шыққан екі кісі болды. Олар – Темірбек Жүргенов пен Илияс Қабылов. Ағалы-інілі болып кеткен екеуінің тағдырлары да бір-біріне өте ұқсас. Олар Кеңес үкіметі құрылғанда оның белсенді мүшесі болып, жас қазақ мемлекетінің аяққа нық тұрып кетуіне жан аямай қызмет етті. Артында өшпестей із қалдырды. Соңында өздері құрысқан үкіметтің қиянатын көріп, кеңестік жүйе саясатының құрбанына айналды. Қос алыпқа тағылған жала да айнымайды, екеуі де арасына бірнеше күн салып, 1938 жылдың ақпан айында Алматы қаласы түбіндегі Боралдай маңында атылған.

Жүргенов Темірбек Қараұлы (1898–1938 ж.ж.) – Қазақстандағы оқу-ағарту, руханият пен мәдениет, әдебиет пен өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Темірбек Жүргеновтың есімі тек қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстан ортақ тұлға, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады.

1922 жылы Темірбек Жүргенов Орынбордағы жұмысшылар факультетін (рабфак) бітіріп, Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің «Заң» факультетіне оқуға түседі. Соңғы курста жүріп Ташкент қаласындағы жаңадан ашылған Қазақ педагогикалық институтының директоры (ректоры) болып тағайындалған. Кейін, яғни 1929 жылы жаңадан құрылған Төжік АССР-ның Қаржы халық комиссары болып тағайындалады.

Төжікстанда бір жылдай қызмет атқарған Темірбек өзі сұранып Ташкентке ауысады. Өзбек АССР-ның басшылығы оны Ағарту халық комиссары етіп тағайындайды.

1930-1933 жылдары аралығында ол Өзбекстанның білім беру ісін жолға қоюға, әлеуметтік сапасын нығайтуға, мәдени революцияны іске асыруға бастанамашы болады, жаңадан мектептер мен мәдениет ошақтарын ашады, оқу құралдарын шығаруға көмектеседі.

Т.Жүргеновтың осы саладағы мол еңбегі мен іскерлік қабілеті Қазақстанда жалғасты. 1933 жылы ол Қазақ АССР Ағарту халық комиссары болып тағайындалады. Мұнда ол небәрі төрт жыл ғана қызмет жасады. Оқу-ағарту халық комиссарлығына қоса, үкімет жанындағы мәдениет пен өнер ісін басқаратын комитетке де төрағалық етті. Ол аз ғана уақыт ішінде осы екі басқарған салаларда революция жасады деп айтуға өбден болады.

1937-1938 жылдардағы бүкіл КСРО мемлекетінің шарпыған репрессияның қара дауылы қазақ даласына да шаңдатып жетті. Нарком Т.Жүргенов үстіне қара бұлт төнгенін алдын ала сезген болуы керек, республиканың сөз кездесі басшысы Л.Мирзоянға басқа жұмысқа ауысуына ықылас та білдірген екен.

Ол 1937 жылдың 27 сәуір күні толтырған өмірбаянының соңында былай депті: «...Мені ғылыми зерттеу жұмыстарына пайдаланған дұрыс деп есептеймін». Алайда, бұл өтініш белгілі себептермен қанағаттандырылмаған.

1937 жылдың 2 тамызында Темірбек Жүргенов КСРО-ның Бас прокуроры А.Вышинскийдің санкциясымен қамауға алынды. Оны тергеуші Қазақ КСР Ішкі Істер Комиссариатының халық комиссары, мемлекет қауіпсіздігінің 2 рангалы комиссары Л.Б.Залинның өзі араласды. Ол қыркүйек айында Т.Жүргеновты кабинетіне алдырып, екі-үш НКВД тергеушілерімен бірге оған қатты қысым жасаған Т.Жүргенов болса «...мен өзімді кінәлімін деп есептемеймін. Себебі ешқандай контрреволюциялық ұйымға мүше болғаным жоқ және ондай ұйымның бар жоғы маған белгісіз» деп үзілді-кесілді жауап берген.

Бірақ Залин мен оның сыбайластарына Т.Жүргеновтың өзін «ұлтшыл» деп мойындағаны жеткіліксіз болған. Өйткені ол кезде жауапқа тартылған кісілердің Қылмыстық кодексте қаралған «контрреволюциялық қылмыстары» міндетті түрде толықтырылатын. Сондықтан бұл іс бойынша Алматы қаласындағы орта мектептің бірінде алғашқы ескери дайындық пәнінен сабақ беретін Н.Т.Сукин деген

кісіден жауап алынған. Ол тергеуде былай деп көрсеткен: «...контрреволюциялық ұйымға мені Жүргенов тартты. Оның өтініші бойынша Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкету мақсатында дайындалып жатқан ұлтшылдардың көтерілісін жүзеге асыратын оперативтік топ дайындалды. Мен жапондардың Бас штабының мүшесі Мине және оның көмекшісі Суджимен шпиондық байланыста болдым. Солардың әңгімелерінен Жүргеновтың ұлтшылдарға қару-жарақ пен керек заттарын алып беру мақсатында жапондармен құпия жағдайдағы келіссөз жүргізгенін аңғардым...».

Әрине бұл жаланы да Темірбек Жүргенов мүлдем мойнына алмаған. Соған байланысты 1937 жылдың 25 қазанында НКВД қызметкерлері Сукин мен Т.Жүргеновты бір-бірімен беттестірген. Алайда Қазақ КСР Ішкі Істер халық комиссарының орынбасары, мемлекет қауіпсіздігінің аға майоры П.В.Володьконың «қуаттайсың ба?» деген сұрағына Т.Жүргенов үзілді-кесілді «жоқ, қуаттамаймын, оның айтып отырғаны жалған. Сукинді мүлдем танымаймын және онымен ешқандай байланысым жоқ» деген.

Шамасы ол Темірбек Жүргеновты әшкерелеу үшін арнайы дайындалған кісі болуы керек. Өйткені келесі күні сот шешімімен Сукин атылып кеткен.

Демек НКВД қызметкерлері өздерінің қылмыстық іздерін жою мақсатында Сукиннің көзін құртқан деуге негіз бар. Сөйтіп осы беттестіруден кейін-ақ Темірбек Жүргеновты «жансыз» деп айыптап, РСФСР Қылмыстық кодексіндегі аса ауыр «Контрреволюциялық іс-әрекеттер» деген №58-баптың бірнеше тармақтарын мойнына қиып салған.

Алдын ала тергеудің қорытындысы бойынша Т.Жүргеновке мынадай айыптар тағылған.

1. Жүргенов ұлтшыл-антикөпестік, террорист-көтерілісші, шпиондық-диверсиялық ұйымының құрылған кезінен (1926–1927 жылдары) бастап оған басшылық еткен, жұмыстарына белсенді қатысқан.

2. Контрреволюциялық ұйымға жаңа мүшелер қабылдаған.

3. 1930 жылғы Кеңес үкіметіне қарсы Қарақұм көтерілісін ұйымдастырушыларының бірі болған.

4. Қазақстандағы контрреволюциялық ұйым жетекшілерінің бірі, шетел мемлекеттерінің Кеңес Одағына қарсы соғыс жариялауына туралап көтеріліс өзірлеген.

5. Контрреволюциялық ұйымның террорист-жұмыстары жайында хабардар болған және кадрларды сол мақсатқа дайындаған. Ұйым басшыларының тапсырмасы бойынша ВКП (б) Орталық Комитеті Саяси Бюро мүшелерінің көзін жою мақсатында террорлық акт өзірлеген. Сондай-ақ Қазақ КСР КП (б) ОК-ның хатшысы Л.Мирзоян жолдасқа террорлық акт жасауға басшылардан тапсырма алған.

6. Қазақстанда өнеркәсіп және ауыл шаруашылығында жүргізіліп жатқан диверсиялық әрекеттерді білген. Басшылардың директивасы бойынша жеке өзі де диверсиялық топ құрып, 1936 жылы Алматы қаласындағы баспаханаға өртеуге дайындық жүргізген және ұйым мүшелеріне темір-жолда диверсиялық әрекеттер жүргізуге тапсырма берген.

7. Қазақ КСР Халық Ағарту комиссариатының барлық саласында зиянкестік жұмыс жүргізген және бұл іске өзі басшылық еткен, яғни РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1А, 58-6, 58-7, 58-8, 58-9 баптарының тармақшаларында қаралған қылмыстарды



жасаған.

Осы айыптау бойынша диверсия-жүргеніст А.Горчаев басқарған КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының 1938 жылдың 25 ақпандағы кешпелі мәжілісінде Темірбек Жүргеновтың «қылмыстық ісін» қысқа мерзімде, небары 20 минут ішінде қарап, оны ату жазасына кескен. Үкімді сот мәжілісі аяқталысымен-ақ сол кеште жүзеге асырған (Темірбек Жүргенов – мұрағат құжаттарында (Құжаттар жиыны), Астана. «Фолиант», 2014. 97-б.).

1938 жылғы 22 наурыз күні шыққан «Социалистическая Алма-Ата» газетінің №66 (548) санындағы хабарламада былай делінген: «В военной коллегии Верховного Суда Союза ССР 6-12 марта 1938 года выездная сессия Военной коллегии Верховного суда СССР на закрытом судебном заседании в порядке закона от 1-го декабря 1934 года рассмотрела дело национал-фашистов, троцкистов и бухаринцев Кулумбетова У., Сыргабекова Н., Ескараева С., Молдажанова И., Нурмухамедова Х., Иванова В.И., Случака В.Е., Чудочкина М.А., Берлина Б.М., Михайленко Л.Н., Жургенова Т., Садвакасова Ж., Досова А., Курамысова И., Сафарбекова С., Мусина А., Кошенбаева Х., Султанбекова Ж. и Кенжина А. по обвинению в измене Родине, в попытках отторжения Казахстана от СССР, превращения его в колонию иностранного империализма, в террористической деятельности, вредительской и диверсионной работе и шпионаже в пользу иностранных государств, т.е. преступлений, предусмотренных статьями 58-1А, 58-6, 58-7, 58-8, 58-9 Уголовного кодекса РСФСР».

Все вышеперечисленные обвинения полностью признали себя виновными в предъявленных им обвинениях. Выездная сессия Военной коллегии Верховного суда Союза ССР приговорил обвиняемых к высшей мере социальной защиты-расстрелу. Приговор приведен в исполнение». (Б.Иманғалиев. «Темірбек Жүргенов». Алматы, 2012. 62-б.).

1938 жылдың 22 наурыз күні жарық көрген «Социалды Қазақстан» өзінің бас мақаласында былай деп жазыпты: «...ССР Союзының Жоғарғы сотының Соғыс коллегиясының кешпелі сессиясы 19 ұлтшыл-фашистердің, троцкиштердің және бухариншілердің шектен асқан қылмысты ісін қарап, оларды жазаның ең ауырына, яғни атуға бұйырды. Үкім орындалды. Әрбір совет азаматы, адал ниетті, ақ жүректі адам баласы бұл хабарды естігенде шын жүрегінен сүйсінеді, еңбекшілердің, социализмнің жауларына қарсы тұрып күйнеді...».

Бірақ «аққа Құдай жақ» дегендей, Темірбек Жүргеновтың ақталғандығы жайлы КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы 1957 жылдың 29 сәуір күні берген №4н-021021/56 санды Анықтамада: «Дело по обвинению Жургенова Темирбека, до ареста 2 августа 1937 года Наркома просвещения в Узбекской ССР и члена Бюро ЦК КП (б) Казахстана, пересмотрено Военной коллегией Верховного Суда СССР 18 апреля 1957 года.

Приговор Военной коллегии от 25 февраля 1938 года в отношении Жургенова Т. по вновь открывшимся обстоятельствам отменен и дело за отсутствием состава преступления прекращено Жургенов Т. реабилитирован посмертно» деп көрсетілген.

Сонымен қатар Қазақ КСР Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Г.Ф.Смирнов Темірбек Жүргеновтың зайыбы Дәмеш Ермекова-Жүргеноваға 1989 жылдың 30 маусым күні жолдаған анықтамасында: «...На Ваше заявление сообщаем, что свидетельство о смерти Жургенова Темирбека Вы можете получить в отделе ЗАГС исполкома Фрунзенского районного Совета народных депутатов г. Алматы (ул.К.Маркса, 106).

Личные документы, фотографии в КГБ Казахской ССР не обнаружены. Изъяты же при аресте Вашего мужа следующие работы: «Культурная революция в Казахстане», тезисы доклада о культуре Узбекистана на V-съезде Советов, «На ликвидацию коренного недостатка школы», «Строительство социализма и культурная революция в Узбекистане», к сожалею, были уничтожены по акту от 29 октября 1937 года». (Т.Жүргенов. Астана. «Сарыарқа» баспасы, 2018. 101-103 бб.).

XX ғасырдың 1980-1990 жылдары кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болған есіл ер Т.Жүргеновтың есімі мен еңбегі туған елі мен халқына қайта оралды. Алматы мен Қызылорда қалалары, Ырғыз бен Жалағаш кентеріндегі көшелер мен мектептерге аты беріліп, еңселі ескерткіштері бой көтерді. Алматыдағы Ұлттық өнер академиясы оның есімімен аталды. 1998 жылы Жүргеновтың 100 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өтті.

Қорыта айтқанда, бүгінде еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихымыздың шаң басқан беттері ашыла түсуде. Күні кешеге дейін елге сіңірген еңбектері бұрмаланып келген Темірбек Жүргенов сынды тұлғалар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру төл тарихымыздың қалпына келуі үшін аса қажет деп есептеймін.

Серіккүл САПАНОВА, аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының қызметкері



Туған жерге тағзым



Елге сәлем берген күн

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ, КІНДІК ҚАНЫ ТАМҒАН ТОПЫРАҚТЫ ҚАСТЕРЛЕУ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛІМСАҚТАН ЖАЛҒАСҚАН САЛТЫ. ОЛ – ҰЛТТЫҚ САНАМЫЗДАҒЫ АСА ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ. СОЛ СЕБЕПТІ ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ ЕТУ ОСЫ КИЕЛІ МЕКЕННЕН ТҮЛЕП ҰШҚАН ӘР АЗАМАТТЫҢ ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗЫ ДЕЙМІЗ. КИЕЛІ ЖАЛАҒАШ ЖЕРІ ТАЛАЙ ТЕКТІ ТҮЛҒАҒА ҚАРА ШАҢЫРАҚ, ҚҰТТЫ МЕКЕН БОЛДЫ. БҮГІНДЕ АУДАННАН ШЫҚҚАН АҒА-ӘПКЕЛЕРІМІЗ РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕ ӘР САЛАДА ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК ЕТСЕ, ЕНДІ БІРІ СОЛ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІНІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРЕР ЖАСҚА ДА ЖЕТКЕН. АУДАННАН ШЫҚҚАН ӘРБІР АЗАМАТ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТІП, ЕЛ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖАТСА, ОЛ БІЗДІҢ ДЕ МЕРЕЙІМІЗ, ОРТАҚ АБЫРОЙЫМЫЗ. ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛДАРЫ МЕН ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕГІН ӨЗГЕГЕ ҮЛГІ ЕТІП, МАҚТАН ТҰТАМЫЗ.

Күні кеше ауданда тағылымды шара өтті. Бытырдаң бері Қызылорда облыстық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «Төркіндеу» жобасы бастау алған болатын. Бүгінде сол жоба дәстүрлі шараға айналып, ауданымыздан уақыт талабымен түрлі қызметтік, түрлі тұрмыстық жағдаймен сыртта жүрген ару қыздарымыз «Елге сәлем» деп туған жерге ат басын бұрып келіп отыр. Бүгін туған елге сәлем беріп келген біздің апаларымыздың, ару қыздарымыздың өзіндік салған сара жолы, өзіндік тәрбие алған мектебі бар, ол – осы туған өлкесі Жалағаш жері.

Иә, ақжаулықты аналар мен апаларымыз бастаған жалағаштық арулар ең алдымен аудан орталығындағы «Иманқұл» мешітіне аялдады. Мұнда тал егуден акция ұйымдастырылып, ардақты аналардың қолымен отызға жуық көшет отырғызылды. Мешіт ауласындағы игі бастамаға себепкер болған аналар қауымы аудандағы сапарын мұнан соң «Өркен Әлем» тігін цехында жалғастырды. Республикадағы сұраныспен әскери құрал-жабдықтар мен киімдерді тігетін цехтың жұмысымен танысқан меймандар кәсіпорынның қарқынды жұмысына ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

Жалпы, «Өркен Әлем» ЖШС бірнеше жылдан бері сұранысқа сай жұмыс істеп келеді. Серіктестік директоры Жақсылық

Өзденбаев жылда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің әскери киім жабдықтарын тігеді. Серіктестіктегі алпыс қызметкер броньды кеудеше (бронезжилет), арнайы киімдер (спецодежда) тігу және әскери каска дайындау бағытында жұмыс жасайды.

2019 жылы Оңтүстік Кореядан каска дайындауға қажетті құрал-жабдықтар алынып, серіктестік әскери каска өндірісін бастады. 2020 жылы карантин кезеңінде серіктестіктің жеке қаражаты есебінен 18 500 дана медициналық бетперде тігіліп, аудан халқына тегін таратылды. Ал 2021 жылдың қорытындысымен «Өркен Әлем» ЖШС 9000 дана броньды кеудеше, 500 дана арнайы киім және 15000 дана әскери каска өндіріп, ауданға 3 562 903 теңге салық түсірді. Өндіріс орнының метал құрылымынан жасалған жалпы ауданы 2000 шаршы метрді құрайтын негізгі 2 ғимаратында 4 блок жұмыс жасап тұр. Сонымен қатар цех аймағында асхана құрылысы жүруде. Қазіргі таңда өндіріс орнында 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Әскери жабдықтарды өндірумен айналысатын цехтың қызу жұмысымен танысқан меймандар мұнан ары жуырда ғана ашылып, ел игіліне берілген «Жетіқазына» балабақшасына табан тіреді. Айта кету керек, жақында ауданда тағы бір жаңа

балабақша, жаңа нысанның бой көтергенін айтып, сүйіншілеген едік. Дәуімбай елді мекені тұрғындарының қуанышын еселеген игі іске куә болған біз білімге құйылған инвестиция болашақтың игілігі жолындағы оң қадам екеніне қуанған болатынбыз. Осы тұрғыда білім саласына жанашырлық танытып, балабақша салған кәсіпкерге елдің алғысы да шексіз болды. «Жеті қазына» – ауданымыздағы көлемді балабақшалардың бірі. Мұнда 120 балаға дейін мектепке дейінгі тәрбиені беруге мүмкіндік бар. Аудан кәсіпкерлерінің білім саласына аса мән беріп, осындай игі істерді қолға алғаны көлер ұрпақтың болашағына алаңдағаны деп түсінеміз. Бір жағынан жаңа нысандардың көптеп бой көтеруі кентің көркеюіне септігін тигізеді.

Жалағаштың өркендеуі жолында тың жобаларды жүзеге асырып жүрген жандардың игі бастамалары қашанда жалғасын тауып келеді. Біздің ауданда да қаншама бүлдіршінді қанатының астына алып, мектепке дейінгі білім беретін балабақшалар көп. Енді міне, осындай бөбекжайлар қатары тағы бір жаңа нысанмен толықты.

Жылған жұрт «Жеті қазына» балабақшасының әрбір бөлмесімен танысып шықты. Содан соң бүлдіршіндер дайындаған бағдарламаны тамашалап, көңіл сергітті, балалық шаққа бір саяхат жасады.

Аталған жаңа нысанның құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, осы жылдың 1 ақпанынан бастап жұмысына кіріскен еді. Жалағаш кентіндегі Келменбет батыр көшесінде орналасқан балабақшаның сыйымдылығы – 120 орындық. Бүгінде «Жеті қазына» балабақшасында 18 қызметкер жұмыс жасайды. Оның ішінде 10 педагог, 8 техқызметкер бар. Сонымен бірге 2-6 жас аралығындағы 76 бала тәрбиеленіп отыр.

«Балаларға мектепке дейінгі тәрбие беруде балабақшалардың маңызы зор екені белгілі. Мұндағы тәлімгерлердің барлығы осы бағытта аса жауапкершілікпен жұмыс істейтін болады» деген балабақша меңгерушісі Бағжан Айбекова ең бастысы дәуімбайлық ата-аналар балабақша жасындағы балаларын кенттің бергі бетіндегі бөбекжайларға тасып әуре болмайтынын айтады.

Иә, елге сәлем бере келген аналар мен ақжарықтардың аяқталуына осындай жаңа нысандардың бой көтеріп, халыққа сапалы қызмет көрсетіп тұрғанына ризашылығын білдірді. Балабақша ашып, дәуімбайлық балапандарды қанатының астына алған кәсіпкерге де елдің айтар алғысын жеткізді. Әсіресе ауданда осындай заманауи типтегі жаңа нысандардың бой көтеруі, ел игілігіне жұмыс істеуі ортақ қуаныш екенін айтып,

алдағы уақытта да байыпты бастамалар мен жарқын жобалардың жүзеге асқанына куә болатынына сенім білдірді.

Меймандар «Төркіндеу» жобасы аясында сапарларын аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде жалғастырып, жалағаштықтармен жүздесіп, елеулі еңбек жолдарын тағы бір еске алды. Шара барысында туған жеріне сәлем бере келген Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, белгілі ақын Гаиза Әбділдінің сөзіне жазылған өннің алғаш тұсауы кесіліп, Жалағаш сахнасында тыңдарманға жол тартты.

Салтанатты жиынның маңыздылығына тоқталған аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Бұл күнде қазақ әйелдерінің қоғамдық жұмыстарға белсенуі араласып, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға атсалысуы таңсық емес. Өйткені еліміздің даму болашағына өзіндік үлесін қосуда нәзік қолдардың орны айрықша. «Әйел – бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген тұжырым да соны білдірсе керек. Бүгін ауданымызға келіп жатқан құрметті қонақтарымызға қанша алғыс айтсақ та, артық етпейді. Осы жерден түлеп ұшып, еліміздің әр өңірінде әр салада қажырлы еңбек еткен нәзікқандыларға құрмет көрсету, елге сәлем бере келгендерінде құшақ жая қарсы алу – біздің міндетіміз» деген аудан басшысы қазақта қашаннан әйелге деген құрмет бірінші орында екенін де жасырмады.

Мұнан соң бүгінде туған жерге тағзым етіп келіп отырған жалағаштық аналарға әр салада еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек еткені үшін аудан әкімінің алғыс хаты табысталды. Салтанатты шара барысында аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына кезек берілсе, Мәдениет үйінен соң меймандар аудандық «Иманқұл» мешітіндегі ауызшарда бас қосты.

Нұржамала АЛМАҚСЫЗЫ

Брифинг



Бытыр ауданда туберкулез ауруының 16 жаңа жағдайы есепке алынған. Оның ішінде 15 жағдайы – өкпе туберкулезі, 1 жағдайы өкпеден тыс – туберкулез. Аурушаңдық көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда – 39,6. Тіркелген науқастардың ішінде 1 жасқа дейінгі 1 бала Ақарық елді мекенінен анықталса, 14 жасқа дейінгі 1 бала Бұқарбай батыр елді мекенінен тіркелген. Қазіргі таңда науқастар түгелдей ем алуда. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық СЭБ басқармасының бас маманы Светлана Жүнісахметова осылай деді.

І тоқсанда 3 жаңа жағдай тіркелген

Спикер 2023 жылдың алғашқы тоқсанында туберкулез ауруының тағы да 3 жаңа жағдайы Жалағаш кентінде тіркелгенін айтады. Оның ішінде өкпе туберкулезімен 2 жағдай, өкпеден тыс туберкулез бойынша 1 жағдай анықталған.

Басқарманың бас маманы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда был бір жағдайға есу төңденциясы байқалғанын жасырмады. Қазіргі таңда барлық науқастар ОФПО-да ем қабылдап жатқан көрінеді.

Светлана Жүнісахметова қазіргі таңда туберкулезбен ауырған науқастар дер кезінде медициналық көмекке жүгінбейтінін айтады, яғни олардың басым бөлігі өз бетінше үйден ем қабылдағанды жөн көріп, ауруы асқинуға жақындаған сәтте барып медициналық көмекке жүгінетін көрінеді. Бұл өз кезегінде медицина мамандары үшін де науқасты дертінен айықтыруға қиындық тудырады екен.

Айта кетейік, бүгінде аудандық перзентханада туған 119 нәрестенің 113-іне БЦЖ вакцинасы егілген, екпе салынбаған 6 баланың 2-уіне уақытша медициналық

шектенуі қойылса, 4 нәрестенің ата-анасы БЦЖ вакцинасын алуға қарсылық білдірген. Аудан тұрғындары арасында өкпенің адам баласы үшін қаншалықты пайдасы барын насихаттасақ та, одан бас тарту жағдайлары әлі де кездеседі екен. Сонымен қатар 3721 балаға манту сынағаны қойылып, сынама нәтижесіне байланысты 7 балаға химиопрофилактикалық ем тағайындалған.

– Туберкулез – өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Ол тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының, сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа да ағзалардың зақымдануынан болады. Алайда қазіргі таңда қоғамда өкпе туберкулезі жиі кездеседі. Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам. Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жетелгенде, түшкіргенде немесе қырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру

үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерінде дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адамдар үшін қауіпті бола отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жетелгенде қақырықпен бірге түшкіру, сөйлегенде қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияны бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тұнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін, – дейді басқарманың бас маманы.

Светлана Елтайқызының сөзіне сүйенсек, туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, малдар да шалдығады екен. Тіпті олардың ішінде сиыр, ешкі, түйе секілді үй жануарлары да бар. Сондықтан спикер ауру жануардың сүті мен еті адам үшін қауіпті екенін айтады.

Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талапты сақтаса, ол айналасына қауіпсіз көрінеді. Бір жағынан өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды екен. Бас маман туберкулез

ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туатынын айтады. Алайда барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы да мүмкін екен.

Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскенде ауру жұғады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

– Адамның туберкулезге шалдығуына толыққанды тамақтанудың болмауы ықпал етуі мүмкін. Бұл дертке шалдыққандармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау да қауіпті, тіпті кішкентай балаларға қысқамерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті. Ал оның белгілеріне келсек, ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел, шаршау және әлсіздік, дене салмағының төмендеуі, температураның ұзақ көтерілуі, түнде тершеңдік, кеуде

қуысындағы ауырсыну, қан түкіру жатады.

Туберкулезді қалай анықтауға болады? Алдымен тері туберкулин сынамасы адамның жұқтырғанын көрсетеді. Сондай-ақ Рентгенологиялық тексеру (флюорографиялық) өкпенің зақымданғанын көрсетеді. Ал қақырықты зерттеу, жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды. Мейлінше аурудың еміні іздегенше, ауырмаудың жолын бұрын тапқан дұрыс. Ол үшін медициналық тексеріс уақытылы етудің маңызы зор, – дейді Светлана Елтайқызы.

Спикер «Дерттің алдын алу үшін қайтпек керек?» деген сауалымызды да жауапсыз қалдырмады. Ол үшін салауатты өмір салтын ұстану ерекше маңызға ие екен. Бұл мақсатқа жетудің ең жақсы жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыспен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

Басқарма өкілі жыл мезгіліне қарамастан таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажеттігін алға тартады. Өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады. Ал жеке гигиена ережелерін сақтау, яғни жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып қолды, ыдыстарды жуып, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдармен ыдыстарды пайдалану, су процедураларының да маңызы зор екен.

– Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдар жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады. Көмірсулар қант, нан, картоп, жармада бар. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен өкіністер мен жемістерде болады, – дейді ол.

Бас маман сондай-ақ баланы туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайта вакцинациялаудың маңызын да назардан тыс қалдырмады. Сондай-ақ туберкулезді дер кезінде диагностикалау қажет екен.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ойланайық...

Бала тәрбиесіне бәріміз жауаптымыз

СОҒЫ УАҚИТТА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖАНТҮРШІГЕРЛІК БЕЙНЕЖАЗБАЛАР КӨБЕЙІП КЕТТІ. ӘСІРЕСЕ СОНЫҢ ІШИНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТОПТЫҚ ТӨБЕЛЕСІ. ТОПТЫҚ ТӨБЕЛЕС ДЕУГЕ ДЕ КЕЛМЕЙДІ, БІР БАЛАҒА ТОП БАЛА ЖАБЫЛЫП, АСА ҚАТЫГЕЗДІКПЕН ТЕПКІЛЕЙДІ. КӘНІГІ БАСКЕСЕРЛЕР ЕМЕС, МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙУАНДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН СОҒЫНА ДЕЙІН ҚАРАУ МҮМКІН ЕМЕС, ЖҮРЕККЕ САЛМАҚ ТҮСЕДІ.

Иә, Қазалыдағы қырғын бүкіл елді шұпатты. Бейбіт күнде көшеге шыққан бір топ мектеп оқушысы жалғыз баланы жабылып соққыға жыққан. Әлдекіде басына, кеуде тұсынан тиген ауыр соққылардан қос қолымен қорғанып, домалап жатқан бала бір уақытта қорылдап «төрең ұйқыға» кетеді. Жедел жәрдем көлігімен аурухананың жан сақтау бөліміне жеткізілген жәбірленуші бірер күнге дейін ес-түссіз жатқан. Алайда жақын арада әлеуметтік желіде таяқ жеген баланың тағы да бейнежазбасы жарияланды. Онда есін жиганымың үстіңізін соққы тигеннен бет-жүзі домбығып, көзі жұмылып қалған ол өзін «мен тірімің, ешкімің үстіңізнен шағымданбаймын» деген мақсатта көрсеткісі келген сияқты. Алайда «көше заңымен» өскен соң балалық қылып отыр. Басынан алған күрсі соққылардың зардабы уақыт өте келе денсаулығының төмендеуіне әсер етіп, өміріне қауіп төндіретінін біліп отырған жоқ. Мүмкін, ол бейнежазба да белгілі бір мақсатпен түсірілген шығар. Өйткені содан кейін жәбірленушінің денсаулығы күрт нашарлап, қайта ауруханаға жеткізіліпті.

балаларға артадан да аулақпын. Бұл жерде кінәні қоғамнан іздеуіміз керек. Бұл жердегі жауапкершілік пен обал-сауапты ата-анадан сұрауға тиіспіз. Қоғамдық тәртіпке мектеп мұғалімдерінің де қатысы бар. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Ал бүгінде ата-ананың баласына тәрбие беретін де уақыты жоқ. Таңнан кешке дейін жұмысқа байлаулы. Мектеп жасына жетпеген балаларын балабақшаға тапсырады. Жасыратыны жоқ, кейбір балабақшалар ұрпақ тәрбиесінен бұрын мемлекеттен тиісті қаржы алуға жұмыс істеп отыр. Мектептердегі тәртіптің босаңсып кеткені өз алдына. Тәуелсіз ел болған отыз жылдан астам уақыт ішінде ұлттық идеология қалыптасқан жоқ. Осының барлығы айналып келгенде балалардың «өз бетінше» есіп, тәрбиеленуіне алып келді.

Хош, әлеуметтік желідегілердің әсіре эмоциямен айтқан пікірлерін ескеріп, әлгі бұзақыларға қатаң жаза кесіп, темір торға жабайық. Бірақ жасөспірімдердің одан кейінгі тағдыры не болмақ? Түрме оларды түзете ала ма? Жоқ, мен түрмеге түскендердің түзелеп келетініне сенбеймін. Түрме тұрмақ, ескери өмірде сарбаздар бір-бірін өлтіріп жатқанын күнде естіп, көріп жүрміз. Ал теміртордың арғы жағында бірнеше жыл жазасын өтейтін баланың қатесін түсініп, жөндөліп келуі егіспей. Керісінше оның өзіне үкім кескен қоғамға деген өшпенділігі артады. Келген соң белгілі бір адамдардан кек қайтаруы да ғажап емес. Одан ары қарай не болатыны белгілі. Қаршадай баланың бүкіл өмірі құлып астында өтіп, тағдыры тас-талқаны шығады. Өйткені олар адамды байқаусызда жарақаттап алған жоқ, өлтіру мақсатында қасақана қылмыс жасады және кішкентайынан тәрбиесі дұрыс болмады.

Бұрынғы жаугершілік заманда да қоян-қолтық ұрыста болмаса шешуші кезеңдерде екі елдің бас батырлары жекпе-жекке шығып айқасқан. Тіпті жана ғасырдың басына дейін «көше заңында» мұндай сұмдық оқиғалар болған жоқ. Көше тәртібін реттеп отыратын ересек жігіттер ерегескен екі топтың мәселесін жекпе-жекпен шешіп, қос тарапты бір-біріне қол алдырып, мөлмеге келтіріп жіберетін. Бір балаға топ баланың жабылуы тұрмақ, екі баланың бір баламен



төбелесуі және жекпе-жекте жеңіліп бара жатқанының қолына қару алуы құптарлық іс емес еді. Ондайлар «көше тәртібі» бойынша жазаланатын. Сол кезде сақталған тағы бір тәртіп: қызды үйіне шығарып салып бара жатқан жігітке көше бұзақылары тиіспейтін. Бұл әу баста қыздың қасында жігіттің намысын таптамау және қыз баланы құрметтеу, оның абыройын ойлау деген түсініктен қалыптасса керек. Ал қазір көше бұзақылары түнгі мезгілде әке-шешесінің қаны балаға өсер етпейді, толқытпайды, аяушылық сезімін оятпайды. Өйткені ол баланың кеудесіндегі бос кеңістік әу баста қатыгездікпен толып қалды. Мейірімге орын қалған жоқ. Ата-анасы олардың қолына адамгершілікті, достықты, татулықты, мейірімді, бейбітшілікті дәріптейтін көркем шығармаларды ұстатқан жоқ. Сосын амалсыздан бала кеудесіндегі кеңістікті өз қалауымен толтыруға кіріседі және оның аяғы жоғарыдағыдай өкінішке алып келеді.

«соғыс» ойындарын ойнайды. Тіпті түнімен ұйықтамай ережесіз жекпе-жектегі қанды төбелестерді тамашалайтын оқушылар бар. Ақша үшін бір-бірін аяусыз ұрып-соққан спортшылардың әрекеттерін қайталап, көшеде бір-бірімен төбелесіп жүрген төменгі сынып оқушыларын да кездестіреміз. Тіпті өскенде ережесіз төбелеске шығып чемпион атанып, құруар қаржыға көнелгісі келетін балалардың да «арманын» естігенбіз. Демек, тор ішінде төгілген адамдардың қаны балаға өсер етпейді, толқытпайды, аяушылық сезімін оятпайды. Өйткені ол баланың кеудесіндегі бос кеңістік әу баста қатыгездікпен толып қалды. Мейірімге орын қалған жоқ. Ата-анасы олардың қолына адамгершілікті, достықты, татулықты, мейірімді, бейбітшілікті дәріптейтін көркем шығармаларды ұстатқан жоқ. Сосын амалсыздан бала кеудесіндегі кеңістікті өз қалауымен толтыруға кіріседі және оның аяғы жоғарыдағыдай өкінішке алып келеді.

біз оқиғаның салдарымен емес, себебімен күресуді үрдіске айналдырып алдық. Айтпа кетейік, апта ішінде жоғарыдағыдай сипаттағы бірнеше оқиға желіні шарлап кетті. Біздің ауданымызда көше тәртібі реттелмей тұр. Жастар мен жасөспірімдер арасындағы төбелестер жиілеп кетті. Мәнінше, көшедегі түнгі кезекшілікке мұғалімдерді қою дұрыс емес, оның ешқандай қисыны жоқ. Мұғалім оқушыға мектепте, яғни сабақ уақытында ғана жауапты. Ал мектептен тыс уақытта баланың жауапкершілігі ата-анасында. Сондай-ақ аудандық полиция бөлімі де жұмысын ширатуы тиіс. Тек оқиға орын алған кезде ғана рейд жүргізіп, сөл саябырсыған соң сылбыр күйге түспей, көше тәртібін қас қақпай қадағалағаны жөн.

XXI ғасыр балаларының таным-түсінігі басқаша өріне. Өйткені олар жаңа технологияның арқасында бір мезетте мыңдаған ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Оның ішінде қажеттісі де, қажетсізі де бар. Бірақ баланың миы, ақыл-ойы тасқындап келген ақпаратты сүзгенде өткізе алмайды. Міне, ата-ананың көмегі осы тұрғыда аса қажет. Бірақ біз ата-ана ретінде балаларымызбен бір мезгіл сөйлеспейміз, уақыт бөлмейміз. Олардың талабын, арманын сұрамаймыз. Яғни олар бөлек әлемде «ата-анасыз» есіп жатыр...

Қуат АДІС

Спорт

ФУТБОЛДАН ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ ПЛЕЙ-ОФФ КЕЗЕҢІ ДЕ БАСТАЛДЫ. ҚАЗІР 1/4 КЕЗЕҢГЕ ӨТКЕН КОМАНДАЛАРДЫҢ ҚАЙСЫСЫ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА АЛАДЫ? БҮЛ САУАЛДЫҢ ТҮЙІНІН ҚАРЫМТА КЕЗДЕСУДЕН КЕЙІН ТАРҚАТАМЫЗ.

Бұған дейін маңдайалды футбол клубтарын сүріндірген «Бенфика» өз алаңында қонақтарға есе жіберді. Лиссабондағы «Эштадиу да Луж» стадионында өткен кездесуде «Интер» келесі кезеңге бір қадам жақындағандай болды. Егер қарымта кездесу Португалияда өтсе, ойын тағдыры 90 минутта сан құбылатынына күмән болмас еді, ал келесі ойында алаң иелеріне 1 гол салып, қорғанысқа басымдық берсе болғаны, жартылай финалдың жолдамасы қолда тұр деген сөз.

Бұл кездесуде қос команда да ойынның алғашқы таймында есеп аша алмады, келесі таймда еріптесі А.Бастони асырған допты Н.Барелла Онанә күзеткен қақпада тұлпатты.

Ойынның 81 минутында бас бапкер М.Оливер 11 метрлік айып добын белгіледі, оны сәтті орындаған белгиялық Р.Лукаку есепті еселеді. Осылайша 0:2 есебімен қонақтар алаң қожайындарынан басым түсті.

Дәл осы күні «Манчестер Сити» өз алаңында «Баварияны» қабылдады. Әлбетте футбол жанкүйерлері германиялық клубтың басым түсетініне күмән келтірмеді. Алайда Х.Гвардиола шәкірттері ойын тағдырын басқа арнаға бұрды.

Иә, негізгі құрамдағы қақпашы М.Нойер бұл кездесуде алаңда бой көрсетпеді, сондықтан қорғаушыларға да кешіріммен қарауға болады. Ал негізгі құрамның қалған ойыншылары тайлы-туяғымен алаңда жүріп, Эдерсон күзеткен қақпаға гол сала алмағанын түсіне алмадық.

Расында бұл кездесуде «Баварияның» ойыны жүрмеді. Керісінше «Манчестер Ситиді» жанкүйерлері басқа қырынан танды. Ойынның 27 минутында Б.Силвадан доп алған Родри «Бавария» қақпасына алғашқы голды салып, есеп ашқаны сол еді, Х.Гвардиола шәкірттерінің ойынына қарқын қосылды.

Ойынның 70 минутында Б.Силва есепті еселеді. Арада 6 минут өткенде Холанд үшінші голын Зоммер күзеткен қақпаға тоғытты. Мұнан кейін «Бавариядан» жанкүйерлері құрығанда жұбаныш голын күтті. Алайда оған әрекет қылған германиялық клуб ойыншыларын байқамады. Осылайша қонақтар сырт алаңда 3:0 есебімен ойсырай жеңілді.

Қарымта кездесуде қорғанысқа күш сала жүріп шабуылды ұдетсе, Т.Тухель шәкірттеріне жартылай финалға өтуге болады. Алайда «Манчестер Сити» де оңай шағылатын жаңғақ емес. Керісінше қонақтардың келесі кездесуде 1 гол салып, қорғанысқа басымдық беруді көздейтіні анық. Бұған дейін чемпиондар лигасында кубок алмаған англиялық клубқа мүмкіндік бар. Бірақ жыл сайын жартылай финалға дейін келіп сүрінуді олардың әдетке айналдырғаны әлдеқашан.

«Интер», «Милан», «Наполи», чемпиондар лигасының 1-4 кезеңінде италиялық 3 клуб бар. Бұл – жақсы нәтиже, өріне. Бір жылдары англиялық 3 клуб жартылай финалда өнер көрсеткен. Биыл италиялық клубтардың ойынында қарқын бар секілді. Осы аптада «Милан» мен «Наполи» жартылай финалдың жолдамасын сарапқа салды. Әлбетте ойын мөнеріне қарап, бұл кездесуде «Наполидың» жеңіске жететініне сенімді болдық. Алайда Л.Спаллетти шәкірттеріне сәттілік серік болмады. Шабуыл бар, қорғаныс мығым, десе де 90 минутта алаң қожайындарының қақпасына гол сала алмады.

Ойынның 40 минутында И.Беннасер есеп ашты. Мұнан кейін «Миланның» ойыншылары толықтай қорғаныста болды десек, қателеспейміз. Келесі таймның 74 минутында екінші мәрте сары қағаз алған Ангиса алаңнан қуылды. Сонда да есепті еселеуге деген алаң қожайындарының



Чемпиондар лигасы: Жартылай финалға қай командалар өтеді?

талпынысы байқалмады.

«Наполи» қарымта кездесуде толық құраммен шықса, «Миланды» жарты жолда сүріндіруге болады. Мен үшін әлі де келесі кезеңге «Наполи» өтетін сияқты. Кешегі ойын қарқынына қарап осындай ойға келдім. Бастысы, қарымта кездесуде алаң қожайындары осы қарқыннан таймаса болғаны.

Чемпиондар лигасында қатарынан бірнеше жыл кубок алуды дәстүрге айналдырған «Реал Мадрид» биыл тағы кубоктан

үмітті. Өз алаңында «Челсиді» қабылдаған К.Анчелотти шәкірттері бұл жолы да қарсыласынан басым болды. Ойынның 21 минутында К.Бензема есеп ашқан болатын. Ал екінші таймда Б.Чилуэлл алаңнан қуылды. Есеті еселеуге күш салған алаң қожайындары сол мақсатына жетті де. 74 минутта М.Асенсис Ж.Винисиус асырған допты «Ариссалаға күзеткен қақпада тұлпатты.

1-4 кезеңнің бірінші кездесуіне қарап ештеңе дей алмаймыз. Бірақ «Интер»,

«Манчестер Сити» сынды командалар қарымта кездесуде қорғанысқа басымдық бергені дұрыс. Ал «Наполиге» жартылай финалға өтуге мүмкіндік бар. «Челси» да бірінші кездесуде есе жіберіп, қарымта ойының 120 минутқа дейін алып баратын команда екенін жақсы білесіздер. Өзірге келесі кезеңге кім өтеді? Ол жағы тағы да беймәлім. Сегіз команданың арасындағы қарымта ойындар келер аптада өтеді.

К.ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Аманжол ОҒАРБАЕВ**
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
Бас редактор **Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар: **Бас директор - 8(7242) 70-00-36**
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның **сейсенбі, сенбі күндері шығады.**
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарысын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 87242/40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 3097 Тапсырыс № 601